

КМҚК «№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы»

**Білім беру саласы: «Таным»**

**Ұйымдастырылған оқу қызметі: Математика негіздері**

**Тақырыбы: «Бекіту»**

Өткізген: Кереева Г.А.

МАД №2 «Балдәурен» тобы тәрбиешісі

Атырау-2022ж

**Мақсаты:** Балаларға уақыт арасындағы қатынас туралы түсінік бере отырып, тәулік бөліктері, апта күндері, жыл айлары туралы білімдерін бекіту. Реттік тура-кері санау, цифрларды ажырату білімін қайталау, есеп шығаруға жаттықтыру. Логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру. Ойындар арқылы ұйымдастырылған оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру, шапшаңдыққа, тапқырлыққа үйрету.

**Әдіс - тәсілдері:** сұрақ - жауап, түсіндіру, әңгімелеу.

**Көрнекілігі:** Сандар, әртүрлі фигуралар, мультимедиялық тақта, суреттер.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

**Қимылдық ойын:** Балаларға қорапшадан әр түрлі геометриялық пішіндерді таңдап алу ұсынылады, балалар әуенге қосылып билейді де, әуен тоқтағанда қолдарындағы геометриялық пішін бойынша үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер, сопақша жасап тұрады.

**Ғажайып сәт:**

Балалар бізге хат келіпті кімнен болды екен?

- Бұл хатты балалар бізге «Білім ханшайымы» жіберіпті.

Сәлеметсіңдер ме балалар! Мен «Білім ханшайымымын». Сіздерді мектепке барады деп естіп сіздерге хат жолдап едім. Сіздердің көмектеріңіз керек.

Менің мектепке барғалы жатырған достарым тапсырмаларды орындауда қиындықтарға тап болыпты, сіздер көмектесе аласыздар ма?

Тәрбиеші: Балалар «Білім ханшайымына» көмектесеміз бе?

Балалар: Көмектесеміз

Тәрбиеші: Олай болса «Білім ханшайымының» тапсырмасын орындайық

1 - тапсырма:

**Сұрақ-жауап**

1. Жылдың төрт мезгілін ата?
2. Қазір жылдың қай мезгілі?
3. Бір жылда неше ай бар?
4. Бір аптада неше күн бар?
5. Бүгін аптаның нешінші күні?
6. Қазір тәуліктің қай мезгілі?

**Дидактикалық ойын:**

«Шардың түсімен жыл мезгілін сәйкестендір»

(қызыл, сары, ақ, жасыл)

2 - тапсырма:

**Кітаппен жұмыс:** Қағаз бетіне бағдарлау

Мәшинені қағаз парағының ортасына жапсыр. Оның жанында қандай заттар орналасқан: үстінде, астында, сол жағында, оң жағында

**Тақтамен жұмыс:**

«Қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер?»

## **Сергіту сәті:**

Оңға түзу тұр,  
Солға түзу тұр.

Алға бір адым  
Артқа бір адым.

Оңға бұрылып,  
Солға үңіліп  
Жоғары, төмен қарайық,

Орнымызды табайық.

3 - тапсырма:

1 - ден 10 – ға дейін тура және кері санау.

**Дидактикалық ойын.. «Жоғалған сан».**

Сандардың көршісін табу. (жеке жұмыс)

(1 - ден 10 - ға дейін сандар бойынша ретімен тұрады, балалар көршілерін табады.)

4-тапсырма:

(топтық жұмыс)

Тәрбиеші: балалар келесі 4-тапсырма есептер шығару.

5 - тапсырма:

Логикалық есептер

1. - Дүкеннен анам дөңгелек 2 допты алып келді, оның біреуін ініме бердім.  
Менде неше доп қалды? (1)

2. - Қоянда неше құлақ бар. (қоянның суретін көрсету)

3. - Қолда қанша саусақ бар? (саусақтардың суретін көрсету)

4. Ағашта 5 құс отыр, оның 2 – уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды?

5. Себетте 2 алма, табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма?

6 - тапсырма:

Заттарды салыстыру.

**Қорытынды:** Балалар сіздер «Білім ханшайымының» тапсырмаларын түгелдей орындап бердіңіздер. Бір – бірлеріңізге көмектесіп өз білімдеріңізді көрсеттіңіздер. Сіздердің орындаған тапсырмаларыңызды «Білім ханшайымына» жеткіземін.

-Балалар, бүгін қандай тапсырмаларды орындадық, қане, есімізге түсірейік.

Біз енді пішіндерді білеміз. (Бірге қайталау) 1 - ден 10 - ға дейін тура және кері санаймыз. (Бірге қайталау) Жыл мезгілдерін білеміз. Апта күндерін білеміз.

- Жарайсыңдар, балалар!